



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

А. БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ
БЕРУДІҢ ҮЗДІКСІЗДІГІ –
ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ТАБЫСТЫЛЫҒЫНЫҢ КЕПІЛІ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

I КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

«НЕПРЕРЫВНОСТЬ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО
ОБРАЗОВАНИЯ – ЗАЛОГ УСПЕШНОСТИ
СОВРЕМЕННЫХ ПЕДАГОГОВ»

I КНИГА

Қостанай, 2022

молдаларына қарсы болған, көбін өзі жүрген жерлерінен құғызған. сондықтан молдалар ішінен жауы көбейіп, жаманатқа солар ұрындырған»)» [9, 426].

М.Есполов баяндамасы Мұхтар Әуезовтың 1922 жылы жазған жоғарыда аталған «Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 жыл, 48 жас)» деп аталатын мақаласына үндес.

Мырзағазы Есболов – Ыбырай Алтынсариннің ұлы ағартушы екендігін айтып, «шоқынды» деген алыпқашпа сөзден қорғаған М.Әуезовтен кейінгі екінші тұлға.

Мырзағазы 1891 жылы Қостанай уезі Аманқарағай болысының № 4 ауылында туған. Алғаш ауыл молдасынан хат танып, кейін мұғалімдер мектебін бітіреді. «Алаш» қозғалысының қайраткері. «Қазақ» газетімен тығыз байланыста болып, мақалалар жазып тұрған. Петерборда шығып тұрған «Мусылманская газетаның» тілшісі болған.

Қай халықтың да болашағы – жастар. Олардың алға басып, еліне пайдалы адам болып өсіп-өркендеуі ғылым, білімде.

Бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған ұлы ұстаз еліміздің басына қандай да бір қауіп-қатер төніп, қабырғасын қиындық қысқанда да бейтарап қала алмаған.

Сондықтан да елім, жерім, халқым деп күресіп азаттықты аңсап өткен Алаш азаматтарының рухани күш-қуат алған бастау-бұлақтарының бірі – Ыбырай Алтынсарин идеялары мен еткен ісі екені даусыз. Оны осы мақала өзегінен де аңғару қиын емес.

Әдебиеттер тізімі:

1. Бөкейханұлы Ә. Бауырым Ахмет! Дулатова Г. Аманат//Жұлдыз, 1994. № 3-4.
2. Алтынсарин Ы. Таза Бұлақ. –Алматы: «Жазушы», 1988.
3. Алтынсарин И. Собрание сочинений в трех томах, 1976.
4. Байтурсынов А. Көшпеллі һәм отырықшы норма. //Қазақ газеті. № 20, Ақ жол – Алматы: «Жалын», 1991.
5. Мәскеу әскери-тарихи архиві, фонд 1099, опись 1, дело 163.
6. Дулатов М. Қазақ жерлері. Шығармалары. –Алматы: «Жазушы», 1991.
7. Жұмабаев М. Дала, қала.//Айқап. «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы. –Алматы. 1995.
8. Қирабаев С. Ақын тағдыры //Социалистік Қазақстан, 1 мамыр 1990.
9. Әезов М. Ыбырай Алтынсарыұлы (1841-18899 жыл, 48 жас)//Шолпан 6-7-8 сан, 1923.Шолпан.-Алматы: «Ан-Арыс» баспасы, 2010.
10. Хамзабекұлы Д. Руханият. –Алматы: «Білім», 1997.

ӨОЖ: 745.65

АҒАРТУШЫЛЫҚТЫ АЛТЫНСАРИНМЕН БІРГЕ БАСТАҒАН АСЫЛ АЗАМАТ ШАҢМҰРАТ ҚҰЛЫБЕКОВ

Өтелбаева Салтанат,
ҚР мәдениет саласының үздігі
Қостанай облыстық Ыбырай Алтынсариннің
мемориалдық музейі басшысының
ғылыми жұмыс жөніндегі орынбасары

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты. Мақалада қазақтың ағартушылық тарихында және қазақ жерінде зайырлы мемлекеттің қалыптасуында із қалдырған, күш-қуатын халық мүддесі үшін аямай жұмсаған адал азаматтың бірі болып, Ыбырай Алтынсаринмен бірге оқығаны, үздіктер қатарынан көрінген Шаһмұрат (кей деректерде Шахмұрат) Құлыбеков туралы жазылған. Ыбырай Алтынсарин 1864 жылдың 8 қаңтарында Торғай жерінде алғаш мектеп ашқан болса, Шаһмұрат Құлыбеков осы жылдың 25 қазанында Ырғызда білім ордасын ашты. Бұл екі тұлғаның еңбегін бөліп жарып қарауға болмайтыны сөз етілген. Шаһмұрат туралы алғаш рет ырғыздық өлкетанушы Сейілхан Оразымбетовтің 1996 жылы жарық көрген «Ырғыз» кітабында жазылды. Ш.Құлыбековтің дүниеге келген және өмірден өткен уақыты әзірге белгісіз. Ағартушының өмір жолы мен қызметі туралы мәлім болған деректер жайлы мақалада көрсетуге тырыстық.

Түйін сөздер: Шаһмұрат Құлыбеков, ағартушылық, «Ырғыз» кітабы.

Аннотация

Актуальность и цель. В статье рассказывается о Шаһмурат (в некоторых источниках Шахмурат) Кулибекове, который прошел путь в истории казахского просвещения и становления светского государства на казахской земле, учился у Ибрая Алтынсарина, одного из лучших. Если 8 января 1864 года Ибрай Алтынсарин открыл первую школу на Торгайской земле, то 25 октября этого года Шах-

мурат Кулибеков открыл школу в Иргизе. Это не значит, что нельзя разделять заслуги двух лиц. О шахмurate впервые написано в книге Иргизского краеведа Сеилхана Оразымбетова «Иргиз», изданной в 1996 году. Время рождения и смерти Ш. Кулибекова пока неизвестно. О том, что стало известно о жизненном пути и деятельности просветителя, мы постарались показать в статье.

Ключевые слова: Шахмурат Кулибеков, просвещение, книга «Иргиз».

Abstract

Relevance and goal. The article describes Shakhmurat (in some sources Shakhmurat) Kulibekov, who was one of the best in the history of the Kazakh education and the formation of a secular state on the Kazakh land, who was one of the honest citizens who spent his efforts in the interests of the people, studied with Ibrai Altynsarin. On January 8, 1864, Ibrai Altynsarin opened the First School in Turgai, and on October 25, Shakhmurat Kulibekov opened an educational institution in Irgiz. It is said that the work of these two people cannot be separated. Shakhmurat was first written in the book «Irgiz» by Irgiz local historian Seilkhan Orazymbetov, published in 1996. The time of birth and death of sh.Kulibekov is not yet known. We tried to show in the article about the known facts about the life and work of the educator.

Keywords: Shakhmurat Kulibekov, enlightenment, book «Irgiz».

Қазақ ағарту ісінің бірінші ұстазы Ыбырай Алтынсаринмен Орынборда 20 қазақ баласы оқып шықса, солардың ішінде үздік аяқтағандың бірі – Шахмурат Құлыбеков. Ағартушылықты Ыбыраймен бірге бастап, елінің тағдырын ойлап, қам жеген текті ұлдардың бірі болатын.

Статтық кеңесші Григорьевтің Орынбор Шекара комитетінің төрағасына 1859 жылы 7 қазанда берген рапортында Шахмурат Құлыбековтың де қазақ балаларын оқыту үшін оқулық жетпейтіні жайлы өтінішін назарға алу баяндалады.

1864 жылы Ырғыз бен Торғайда бір мезгілде бастауыш мектептер ашылғаны, олардың алғашқы мұғалімдері Ыбырай мен Шахмурат болғаны белгілі. Олардың үлесіне ең ауыр, ең жауапты кезең тап келген еді. Халқына еңбегі мен маңдай тері мол сіңген адал азаматтың өзіне лайық ілтипат-құрметке бөленетін уақыт жетті деп ойлаймыз.

XIX ғасырдың 60-70-ші жылдарында сол кезде қала мәртебесі болған Ырғызда европалық үлгіде білім беретін мектептер жұмыс жасады. Оның бастауында халқымыздың тұңғыш ағартушылары Шахмурат Құлыбеков, Ыбырай Алтынсариндер тұрды. Шахмуратқа Орынбордан Ырғызға көшіп бару үшін губерниялық басқармаға жер кенін барлау және іске қосу дейтін қордың есебінен 120 сом ақша төленген.

Ыбыраймен бір көзқараста, ниеттес болған Шахмурат Құлыбековтың ұйымдастырумен 1864 жылы 25 қазанда Ырғызда тұңғыш бастауыш қазақ мектебі ашылды. Мектеп мұғалімі әрі басшысы Шахмурат Құлыбеков оқыған қазақ зиялыларының алғашқы легінің өкілі болатын. Белгілі өлкетанушы Афанасьевтің жазуы бойынша алғашында мектепке жергілікті дәулетті тұрғындардың 13-15 баласы қабылданған. Онда оқығандар жайында мәлімет жоқ. Тек белгілісі – жергілікті тұрғындардың балалар үшін қазақ даласында тұңғыш ашылған мектептердің бірі. Ыбырайтанушы-ғалым Серікбай Оспанұлы «Ыбырай жолы» еңбегінде «Қазіргі Ақтөбе аймағында бірінші рет 1864 жылдың 25 қазанында Ырғызда бастауыш мектеп ашылып, Шахмурат сонда бірнеше жыл мұғалім болған. Мектепте 14 бала оқығанын» айтады.

Мұнда: «Қашан да халыққа қызмет етіп, ел үшін еңбек еткен адамдардың ғана тарихта аты қалған. Соның бір дәлелі, мектеп ашып, бала оқытқан, жанқиярлық жұмыс жасаған Ыбырай Алтынсарин мен Шахмурат Құлыбековтің есімінің ел есінде қалуы» дейді.

1868 жылдың аяғында Уақытша Ережені қолданысқа енгізу шаралары қолға алынғанда мұғалім Алтынсарин Торғай уездік әкімшілігінің іс жүргізуші қызметіне ауысуға тілек білдірді. Ол орнын ауысқаннан кейін ұстаз ретінде Орал бекінісіндегі мектеп мұғалімі Шахмурат Құлыбековтың ауысқысы келетінін жайында тілек білдірді, бірақ облыстық билік оның өтініштерін орындамай, Орынбор қырғыз мектебінің бұрынғы оқушыларының бірі – Ізтілеу Жақсыбаевқа тапсырды. 1869 ж. маусым.

Ғ.Ахмедов: «Ы. Алтынсариннің кім екені жұртқа белгілі. Шахмурат Құлыбеков Ырғыз жағында бірнеше жыл учитель болыпты, мектепте жағдайы болмаған Шекара комиссиясына тілмаш болып кіріпті»-деп жазады.

1887 жылы 15 қыркүйекте Қазақстанда тұңғыш рет Ақтөбе облысының Ырғыз ауданының орталығында бір кластық әйелдер училищесі ашылып, оған алғаш 17 қыз қабылданыпты. 1888 жылы училище жанынан қазақ қыздары үшін 18 орындық интернат ашылған. Бұл училищеге Қостанай, Торғай, Ақтөбе уездері қазақтарының қыздары да келіп оқыған. Осы училищенің ашылуына Ы.Алтынсарин бастаған қазақ зиялылары атсалысқан. Олардың арасында Әлмұхамед Сейдалин, Шахмурат Құлыбеков рухани қолдап, қаражаттай да демеушілік көрсетіп отырған. /Ақтөбе энциклопедиясы», Ақтөбе, 2001.-732 б./

Шахмурат Құлыбековтың де Ыбырай сияқты қазақ балаларының оқып, білім алуына жағдай жасап, мұғалім болған, мектептерге үнемі жанашырлық жасап, өз қалтасынан қаржы-қаражат беріп отырған.

Сонымен қатар, басқа облыстарға қарағанда Торғай облысының мектептері мен училищелерінде кітапхана ісі дұрыс жолға қойылған еді. Өйткені, қазақ халқының ұлы ағартушысы, атақты педагог Ы.Алтынсарин кітапхана ісіне басшылық етті. Ол жақсы оқулықтарды таңдап алу, оны тексері, мұғалімдерге жетекшілік ету, мұғалімдер мен оқушыларға кітапхана ұйымдастыру және оның қорын толықтыру т.б жайлы Н.М.Ильминскийге 4 қазан, 1887 жылы жазған хатында хабарлайды. 1883 жылы Ы.Алтынсариннің, Ш.Құлыбековтың ықпалымен Ақтөбе облысы бойынша Ырғызда ең алғашқы кітапхана осы училище жанынан ашылды, онда 400-дей кітап қоры болды, оған 36 адам қамқоршы болған, оның бірі – Шаһмұрат Құлыбеков.

«...Мен Торғай облысының мектептері жанынан оқытушыларға және оқушыларға арналған кітапханалар ашпақпын. Бұған ашу 700 сомға жуық ақша да жинап алдым. Бұл кітапханалар олардың кітаптарымен тек, оқушылар мен оқытушылар ғана пайдалану үшін ғана емес, сонымен қатар, мектеп бітіріп, қырда жүрген жалпы сауатты адамдар да білімдерін өз бетімен көтере білу үшін пайдалы кітаптар және оқу құралдарын тауып алуларына мүмкіндік туғызу мақсатымен ашылады...» деп жазады 1883 жылы 15 қыркүйекте Н.И.Ильминскийге. Торғай облысының ауылдары мен қалаларында мектеп ашуға Ыбырай Алтынсарин қаржы жинағанда 4 адамның бірі болып Құлыбековтың 100 сом ақша бергені жөнінде айтылады. Шаһмұрат Құлыбеков осы мектептердегі кітапханалардың ашылуына да көмектесіп, қаржылай қолдау жасаған.

Ырғыз мектебінің кітапханасы 1883 жылы ашылды, оның ашылуына, кітап қорын жинастыруға Ш.Құлыбеков көп көмек беріп, өз қалтасынан 100 сом ақша қосқан. Кітапханада 300-400-дей кітап болған, бұл қазақ даласындағы тұңғыш кітапхана болды. Сонымен қатар, халықтың оқуға деген ынтасын қанағаттандыру мақсатында 1889 жылы 16 январьда Ырғыз қалалық кітапханасының жанынан ересектерге арналған кешкі мектеп ашады.

1859 жылдың қысында Н.Ильминский қазақтың атақты жырауы Марабай Құлжабайұлының «Ер Тарғын» жырын жазып алып, 1862 жылы Қазанда жеке кітап етіп шығарғаны белгілі. Марабайдың айтуымен жырды татар әрпімен қағазға түсірген осы Ш.Құлыбеков. Н.И.Ильминский Ы.Алтынсарин жайындағы естелігінде былайша сыр шертеді: «1859 жылдың қысында батыс жақтағы Марабай (суырып салма, шешен) жайында естіп, В.В.Григорьевтен Орынборға шақыруын өтіндім. Марабайдың айтуымен Құлыбеков татар қарпімен «Ер Тарғын» жырын әрең дегенде жазып үлгірді». Сонымен қатар, Н.Ильминский Орынбор кезеңіндегі жинаған материалдарын негізге ала отырып, қазақ тілі бойынша зерттеу жұмысын жазады.

Ырғыздағы тұңғыш бастауыш мектептің алғашқы мұғалімі Шаһмұратпен бірге Баймұрат, Жүсіп, Баймағамбет бірге туады. Ақтөбенің Ырғыз ауылында тұратын Баймұраттың шөбересі Марат Ысқақов Құлыбеков туралы шамамен 1838 жылы Тобыл өңірінде дүниеге келгенін айтады. Шаһмұрат Құлыбеков – Қарабалық Қыпшақ руынан. Қарабалықтан Танабұқа – Танабұқадан – Балқожа – Жанқожа – Өтеулі, одан Қаранар – Құлыбек.

2014 жылы «Ақтөбе» газетіне Марат Ысқақовтың «Шаһмұрат атамиздың шапағаты» деген мақаласы жарық көрді. Онда автор Шаһмұраттың әкесі Құлыбектің Қостанай өңіріндегі патшадан шен алған беделді, ауқатты адамдардың бірі екенін, 9 баласы болғанын, Шаһмұраттың 1862 жылы ағалары Баймағанбет, Баймұрат, інісі Жүсіппен бірге Ырғыз уезіне көшіп келгенін, Ырғыздан 12 шақырым жердегі Қалалыкөл қыстағынан шығысқа қарай 6-7 шақырым жерде «Шаһмұрат көлі» деген жайлауды қоныстанғанын жазады. Шаһмұраттың Жақып деген жалғыз баласы болған, ол Ұлы Отан соғысынан оралмаған. Жақыптан Күләш, Күләй деген екі қыз қалған. Көптеген саяси пайдаланған әдебиеттер мен көркем шығармаларды ана тілімізде сөйлеткен аудармашы Абдолла Құлыбеков пен Ырғыз перзенттері арасынан шыққан тұңғыш жоғары білімді дәрігер Сақтаған Құлыбеков – Шаһмұраттың туған ағасы Баймұраттың ұлдары.

Журналист Р.Өтеміс «Атадан қалған асыл жол» кітабында Шаһмұрат Құлыбековтің баласы Әбдірахман Құлыбековтің әуелі Алашорда құрамында болып, 1920 жылы партия қатарына өткенін, кейін жікшілдер тартысына араласқанын, сол кезде әкесінің қызметтері бетіне басылғанын жазады.

Ырғызда мектеп ашуға ерекше еңбек сіңірген қазақ оқығандарының алғашқы шоғырының көрнекті өкілі Шаһмұрат Құлыбековтың атқарған еңбегі зор. Шаһмұрат Құлыбековтің қызметі жан-жақты зерттелсе, қазақ халқының ағарту ісі тарихында әлі де біраз мәліметтер табылатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. М.Әттіев «Тұңғыш мектеп», «Ақтөбе» газеті, 27 наурыз, 2014 ж.
2. Ахмедов Ф. «Алаш Алаш болғанда», Алматы, «Жалын» 1996-120-121 б.б.
3. Қостанай облыстық Ы.Алтынсарин мемориалдық музейінің «Даланың алып қоңырауы» ғылыми конференция жинағы, 2019 ж., Ө.Рахымжанның «Ақтөбе аймағындағы тұңғыш мектеп».
4. Оспанұлы С, «Ұлы Ұстаз ұлағаты», Қостанай, 2014 ж./
5. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин. Өмірі мен қызметі туралы. –Алматы: «Қазақстан», 1962.- 226 б.
6. Ильминский Н.И. Алтынсарин туралы естеліктер. Ы.Алтынсарин тағылымы: Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер: / Құрастырған М. Жармұхамедов. –Алматы: «Жазушы», 1991.

7. «Ыбырай Алтынсариннің кешегі һәм бүгінгі тағдыр-талайы», «Ы.Алтынсарин мұрасының, әлеуметтік, педагогикалық өнегелі әлеуметі және қазіргі заман» (баяндамалар жинағы), Қостанай, 2011.-38 б.

УДК 371.32

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ НА УРОКАХ МАТЕМАТИКИ

Роздольская Дарья Дмитриевна,

магистр, учитель математики

Есенгулов Канат Маратович,

учитель математики

Роздольский Андрей Михайлович,

магистр, учитель математики

КГУ «Общеобразовательная школа № 23
имени М. Козыбаева отдела образования
города Костаная» управления образования
акимата Костанайской области
г. Костанай, Казахстан

Аннотация

Өзектілігі және мақсаты: Мақалада математика сабақтарында зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың дидактикалық және психологиялық шарттары қарастырылған. Зерттеу жұмыстарының қиындықтары сипатталған және білім беру процесінде оқушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастырудың тиімді педагогикалық шарттары анықталған.

Түйінді сөздер: құзыреттілік тәсіл, зерттеу құзыреттілігі, зерттеу қызметі, оқушының зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру, зерттеу қызметінің қиындықтары, зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру.

Аннотация

Актуальность и цель. В статье рассмотрены дидактические и психологические условия формирования исследовательских компетенций на уроках математики. Описаны трудности исследовательской деятельности и выделены эффективные педагогические условия становления исследовательской компетентности учащихся в образовательном процессе.

Ключевые слова: компетентностный подход, исследовательская компетентность, исследовательская деятельность, формирование исследовательской компетентности школьника, трудности исследовательской деятельности, становление исследовательской компетентности.

Abstract

Relevance and goal. The article describes the didactic and psychological conditions of formation of research competences in mathematics lessons. Describes the difficulties of research and highlighted effective pedagogical conditions of formation of research competence of students in the educational process.

Keywords: competence approach, research competence, research, formation of research competence of schoolchildren, the difficulties of research activities, the formation of research competence.

Современные изменения в жизни общества, безусловно, затрагивают и систему образования. На сегодняшний день школа должна отвечать не только за успешную сдачу предметных экзаменов, но и за качества выпускника такие, как способность принимать решения в незнакомой ситуации, умение планировать свою деятельность и доводить решение задачи до конца. Базовое звено образования - общеобразовательная школа, модернизация которой предполагает ориентацию образования не только на усвоение учащимися определённой суммы знаний, но и на развитие его личности, на развитие его познавательных и творческих способностей. Общеобразовательная школа должна формировать целостную систему универсальных знаний, умений, навыков, а также опыт самостоятельной деятельности и личной ответственности обучающихся. Овладение учащимися общими умениями, навыками и способами деятельности (то, что сейчас принято называть ключевыми компетентностями) как существенными элементами культуры является необходимым показателем современного качества результатов образования и на это нельзя жалеть ни сил, ни времени [1].

В связи с ориентацией образования на формирование и развитие навыков и компетенций, актуальной проблемой на сегодняшний день становится обучение школьников способам добывания и переработки информации путем самостоятельной исследовательской деятельности в рамках компетентностного подхода. Такая задача требует целенаправленного развития исследовательской